

ӘОЖ 373.1; МҒТАР 14.35.09

<https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.24>Б.Б. САДЫҚОВА¹, Ұ.Ә. ЕСНАЗАРОВА², А.А. ТОҚБЕРГЕНОВА³¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: sadykova_bagila2@kaznu.edu.kz²педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: ataulymekter@mail.ru³география ғылымдарының кандидаты, доцент
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: tokbergen@mail.ru

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Андатпа. Қазіргі уақытта инновациялар диалогтік оқыту, диагностикалық, қашықтықтан оқыту, жоба әдісі, бірлесіп оқыту, проблемалық оқыту, ұжымдық оқыту, миға шабуыл және басқа да оқыту технологиялары мен әдістері арқылы жүзеге асырылып жатыр. Мақалада аталған инновациялық әдістердің ішінде тиімді болған, мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастырып, оң нәтиже берген әдістер ұсынылған. Оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудағы кедергілер анықталып, шешімдері жаңаша әдістемелер арқылы келтірілген. Оқушылардың оқуға деген көзқарастарының парадигмасын өзгерту себептері де айқындалды.

География пәнін оқыту барысында осы кезге дейін түрлі әдіс-тәсілдер қолданылып келді. Ал жылдам өзгертін қоғамның баласын оқытуда оқушылардың ойлау қабілетіне әсер ете отырып, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігі туындады. Сол себепті жаңа әдістер, жаңа классификация қажет. Мақалада авторлар осы классификацияның үлкен ғылыми және практикалық маңызын, тиімділігін, жобалау, таңдау және бағалау үшін нұсқаулық ретіндегі қызметін талдайды. Сонымен қатар география пәнін оқытудағы интерактивті оқыту технологиясының мүмкіндіктері мен мәселелері қарастырылады.

Зерттеу тақырыбы бойынша мектеп тәжірибесін талдау оқушылардың оқу зерттеу іскерлігін дамытудың, жаңа әдістемемен бірқатар кезеңдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: инновациялық әдістер, зерттеушілік дағды, бірлесіп оқыту, миға шабуыл әдісі, проблемалық оқыту, жоба әдісі, педагогикалық география.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Садықова Б.Б., Есназарова Ұ.Ә., Тоқбергенова А.А. География пәнін оқытуда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың инновациялық әдістері мен технологиялары // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №2 (128). – Б. 301–313. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.24>

***Cite us correctly:**

Sadykova B.B., Esnazarova U.A., Tokbergenova A.A. Geografiia panin oqytuda oqushylardyn zertteushilik dagdylaryn qalyptastyrudyn innovaciialyq adisteri men tehnologiialary [Innovative Methods and Technologies for the Formation of Research Skills of Students in Teaching Geography] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2023. – №2(128). – B. 301–313. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.24>

В.В. Sadykova¹, U.A. Esnazarova², A.A. Tokbergenova³

¹*PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: sadykova_bagila2@kaznu.edu.kz*

²*Doctor of Pedagogical Sciences, Professor
Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: ataulymektep@mail.ru*

³*Candidate of Geographic Sciences
Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: tokbergen@mail.ru*

Innovative Methods and Technologies for the Formation of Research Skills of Students in Teaching Geography

Abstract. Currently, innovations are being implemented through dialogue learning, diagnostic, distance learning, project method, collaborative learning, problem-based learning, collective learning, brainstorming and other learning technologies and methods. Among these innovative methods, methods that were effective, formed research skills of schoolchildren and gave positive results are presented in the article. Barriers to the formation of students' research skills are identified and solutions are presented using new methods. The reasons for changing the paradigm of students' attitudes towards learning were also revealed.

In the course of teaching geography, various methods and techniques have been used so far. And in teaching a child of a rapidly changing society, there was a need to form research skills, influencing the thinking of students. That is why new methods, new classifications are needed. The great scientific and practical significance, effectiveness of this classification, its function as a guide for design, selection and evaluation are analyzed by the authors in the article. The possibilities and problems of interactive learning technology in geography teaching are also considered.

The analysis of school experience on the topic of the study made it possible to identify a number of stages in the development of students' educational and research skills with a new methodology.

Keywords: innovative methods, research skills, collaborative learning, brainstorming method, problem-based learning, project method, pedagogical geography.

Б.Б. Садыкова¹, У.А. Есназарова², А.А. Токбергенова³

¹*PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: sadykova_bagila2@kaznu.edu.kz*

²*доктор педагогических наук, профессор
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: ataulymektep@mail.ru*

³*кандидат географических наук, доцент
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: tokbergen@mail.ru*

Инновационные методы и технологии формирования исследовательских навыков учащихся при изучении географии

Аннотация. В настоящее время инновации внедряются через диалогическое обучение, диагностику, дистанционное обучение, метод проектов, совместное обучение, проблемное обучение, коллективное обучение, мозговой штурм и другие технологии и методы обучения. Среди перечисленных инновационных методов представлены методы, которые оказались эффективными, сформировали исследовательские навыки школьников и дали положительные результаты. Выявлены барьеры в формировании исследовательских навыков

учащихся, решения приведены с помощью новых методик. Также были выявлены причины изменения парадигмы отношения учащихся к учебе.

В процессе преподавания географии до сих пор использовались различные методы и приемы. А в обучении ребенка быстро меняющегося общества возникла необходимость формирования исследовательских навыков, влияющих на мышление учащихся. По этой причине необходимы новые методы, новая классификация. Большое научное и практическое значение, эффективность, деятельность этой классификации как руководства по проектированию, выбору и оценке анализируются авторами в статье. Также рассматриваются возможности и проблемы технологии интерактивного обучения в преподавании географии.

Анализ школьного опыта по теме исследования позволил выявить ряд этапов развития учебных исследовательских умений учащихся, новых методик.

Ключевые слова: инновационные методы, исследовательские навыки, совместное обучение, метод мозгового штурма, проблемное обучение, метод проекта, педагогическая география.

Кіріспе

Кез келген мемлекеттің дамуының маңызды тірегі білім, ғылым және мәдениет болып табылады. Білім беру жүйесінің, оның ішінде география ғылымдарының инновациялық дамуынсыз инновациялық экономика мен қоғамды дамыту мүмкін емес деп саналады. Білім беру жүйесін жаңғырту инновациялық өзгерістермен байланысты. Еліміздің жан-жақты әлеуетін қалыптастыратын – география ғылымдары, соның ішінде жалпы орта білім беретін мектептерде Қазақстан географиясын оқытудың орны бөлек. Қазіргі дәуір география біліміне жаңа талаптар қойып жатыр. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, ХХІ ғасырдың зерттеулері оқушыларды тек оқытуды емес, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырып, зерттеуге үлес қосып, сыни және шығармашылық ойлауды, ұжымда жұмыс істей білуді, бастамашылдықты, қызығушылықты, табандылықты талап етеді, бұл география ғылымының дүниетанымдық екінін күшейтеді.

Сабақтарда инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын оятып, арттырумен бірге мазмұндық, қимыл-әрекеттік, ұйымдастырушылық-әдістемелік, практикалық өндірістік және т.б. қызметтерде жан-жақты ізденушілікті көрсетуді арттырады. Бір сөзбен айтқанда зерттеушілік дағдылары оянып, ғылымға қызығушылығы артып, пәнді оқып, ізденуге деген құлшынысы жоғарылайды.

Оқушылардың зерттеуге қызығушылығы танымдық, кәсіптік өз бетіншелігін сабақтарда иновациялық әдістемесін қолдану негізінде дамыту, жеке тұлғаның дүниетанымдық, құндылық бағдарын, ойлау жүйесін қалыптастырумен өзара тығыз қатынаста өтеді.

Зерттеу әдістері

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңаша әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде оқушылардың география пәнінен функционалдық сауаттылықтарын дамытудың жолдарын зерттеу арқылы, сабақ барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді оқушылардың ең негізгі қабілеттерінің қалыптасуына, әсіресе, зерттеушілік дағдыларының қалыптасуына әсер етуін қарастыруда. Заман талабына сай демократиялық жолмен қисынды ойлай алатын тұлғаны тәрбиелеуде оқыту мен тәрбие беру процесінде зерттеушілік, ойлау қағидаларды қолдану қажет. Жұмыс барысында қолданылған әдістер: психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді оқу және теориялық; озық педагогикалық тәжірибені талдау және жалпылау; терминологиялық зерттеу әдісі; сұрақ қою, тестілеу; педагогикалық эксперимент; ғылыми математикалық талдау, эксперименттік зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу әдістері.

XX ғасырдың 30-шы жылдары білім көздері бойынша оқыту әдістерінің жіктемесі қабылданылды: мұғалімнің сөзі, оқулықпен және қосымша әдістемелік кітаппен жұмыс, глобуспен және географиялық картамен жұмыс, көрнекі-иллюстрациялық әдіс, сандық материалмен жұмыс және т.б. Бұл жіктеу мектеп тәжірибесінде оң рөл атқарды, өйткені ол мұғалімдерді картамен жұмысты күшейтуге, әр түрлі көрнекілік құралдарын кеңінен қолдануға бағыттады. Бірақ бұл жіктеудің де кемшіліктері бар: оқыту әдістері сыртқы белгілері бойынша ерекшеленеді, оқытуды дамыту принципі жоқ. Оқытуды дамыту идеяларына сүйене отырып, білім беру әдістерінің классификациясын оқушылардың танымдық іс-әрекетінің сипатына байланысты Ресей ғалымдары И.Я. Лернер мен Н.М. Скаткиннің ынтымақтастықта жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде олар білім мазмұнының теориясы мен оқыту әдістерінің классификациясын жасады. Ол оқытудың бес әдісін қамтиды: түсіндірме-иллюстрациялық (ақпараттық-рецивтивті), репродуктивті, проблемалық презентация, ішінара іздеу және зерттеу [1].

Географияны оқытуда бұл әдістер оқу пәнін оқытудың мақсаттары, мазмұны мен құралдарының әсерінен белгілі бір ерекшелікке ие болады. Ақпараттық-рецивтивті, репродуктивті, проблемалық баяндау, ішінара-іздігіру және зерттеу кең етек алды. Атақты авторлар И.В. Душшина, Г.А. Панурова «Методика преподавания географии», Е.А. Таможняя, В.Б. Пятунин «Методика и технологии обучения географии в школе», В.П. Максаковский «Преподавание географии в зарубежной школе», З.А. Коринская, В.И. Сиротин, Н.В. Шкарбан, В.А. Швец, М.И. Давыдова, И.С. Матрусова, В.И. Загвязинский және т.б. ғалымдар география пәнін оқыту мен әдістерін дамытуда үлкен қызмет атқарды.

Бұл зерттеулердің XX ғасырдың 60–80-жылдардағы оқу процесін жетілдіру жолдарын анықтауда оның рөлі зор болды және дидактиканың жай-күйін және оның жеке мәселелерін жүйелеу, олардың жиынтығына концептуалды тұтастық беру шеберлігімен ерекшеленді.

Талдау мен нәтижелер

Бүгінгі таңда мектепте Қазақстан географиясын оқыту сабақтарында дәстүрлі әдістер, теория (жаттанды білім), ауызша түсіндірме-иллюстрациялық оқыту әдістері басым. Педагогикалық эксперимент барысында оқушылар бір-бірімен байланысты емес және болашақ өмірге азық болатын білімді ала алмайды. Қарапайым құбылыс – пәнаралық тәсілдерді қолдана алмау.

Соңғы онжылдықтар ішінде оқушылардың жаратылыстану циклі пәндеріне деген қызығушылығының біртіндеп төмендеуі байқалады. Оның ішінде география бар. Мұның себептері әртүрлі және мұғалімдер үшін «қалай оқыту керек?» деген сұрақ өзекті болып отыр. Ғылыми-техникалық революция және қоғамды ақпараттандырудың кеңейтілген процесі жағдайындағы мұндай құбылыс парадоксалды болып көрінеді. Кейбіреулер бұл заттар болашақта қажет емес дейді. Басқалары сабақтарда кітаптардан, журналдардан, теледидар бағдарламаларынан, интернет желісінен оған дейін көріп алған белгілі сұрақтар зерттеледі деп санайды. Тағы біреулері экономикалық география тақырыптарын оқыту барысында күрделілігіне шағымданады, олар сөздерді, терминдерді, формулаларды үйренуге және тапсырмаларды шешуге мәжбүрлеудің аса бір қажеті жоқ деп санайды.

Мұғалімнің басты міндеті оқушыларды бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру болып табылады. Мұғалім оқушылардың өз қабілеттері мен мүдделерін іске асыра алатын өзіндік қызметін ұйымдастыруы керек. Шын мәнінде, мұғалім әр оқушының өзінің зияткерлік және басқа да қабілеттерін дамыту деңгейінде белгілі бір құзыреттердің дамуы, оның мүдделері мен тілектерін жүзеге асыру, күш салу, жауапкершілікті алу және қойылған мақсаттар бағытында іс-әрекеттерді жүзеге асыру процесінде мүмкін болатын «даму ортасын» жасайды [2].

Кеңес дәуірінде еңбек еткен орыс ғалымы Э.М. Браверман «Мотивсіз кез-келген іс-әрекет, оның ішінде оқу қызметі ешқашан тиімді болмайды» деген.

Сондықтан география пәнінен әрбір сабақтың мотивін, оған деген қызығушылықты, белсенді жұмыс істеуге деген ынтаны қалыптастыру – бұл сабақтың маңызды компоненттерінің бірі. Сол үшін сабақтарда келесі әдістерді қолдануды ұсынамыз:

- танымдық (балама шешімдерді іздеуге шақыру, ойын, тұрақты емес тапсырмаларды орындау);

- эмоционалды (ынталандыру табысты жағдай жасау, тапсырмаларды еркін таңдау);

- ерікті (оқытудың міндетті нәтижелері туралы ақпараттандыру, өзін-өзі бағалау және қызметті түзету, мінез-құлық рефлексиясы);

- әлеуметтік (өзара көмек, өзін-өзі тексеру жағдайын жасау) әдістер;

- ойлау (ойды қозғайтын сұрақ қою);

- байланыс (оқушылар бір-бірімен талдау жасап, бәстесуге мүмкіндік беру).

Сабаққа дайындық кезінде оқушылардың нақты мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін ескеруге, әр оқушыны белсенді танымдық іс-әрекетке қосу үшін оңтайлы жағдай жасайтын ынталандыру әдістерінің жиынтығын таңдауға тырысу керек. География сабағында оқушылар оқиғалардың қалыңдығына еніп, шын мәнінде түбіне жетуге ұмтылған кезде нағыз толқуды сезінетін жағдайларды жасау қажет.

Соған байланысты кеше оқытылған нәрсе бүгінгі күні де дәл солай оқытылатын болса, біз балалардың ертеңін ұрлап кететінімізді, ата-аналар да, мұғалімдер де бұған бейім емес екенін және бұл «ақылды» экономиканың, адами капиталдың дамуына ықпал етпейтінін түсініп, мойындауымыз керек.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды (оқыту әдістері, нысандары мен құралдары кешені) пайдалану, дамыта оқытуды енгізу көбінесе педагогтің сабаққа шығармашылық көзқарасының деңгейін және қол жеткізілген нәтижелердің тиімділігін айқындайды. Оқытушы жаңа рөлге ие болады. Ол – оқушы өзіндік танымдық, зерттеу, шығармашылық қызметін ұйымдастырушының рөлі. Оқушыларға қажетті білімді өз бетінше алуға, алынған ақпаратты сыни тұрғыдан түсінуге және оны өмірлік мәселелерді шешу үшін пайдалануға көмектесуі керек [3].

География білім алушыларға өлі және тірі табиғат туралы, оны танудың құралдары мен әдістері туралы ғылыми білім береді, оқушыларда жүйелі (тұтас) білімді, теориялық ойлауды қалыптастырады. Практикалық тапсырмаларды орындау, эксперименттік зерттеу әдісінің мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Ғылыми теорияларды әдіснамалық біліммен бірге зерттеу болашақ мамандардың ғылыми ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді.

География ғылымдарында инновациялық білім беруге қол жеткізу үшін мынадай мақсат қоюға болады: географияны оқытуды жетілдіру. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу жоспарлануда:

- оқытушыларды географиялық білім беруді дамыту тұжырымдамаларын іске асыру жағдайында жаппай білім берудің жаңа педагогикалық технологиялары мен ұйымдастырушылық нысандарын әзірлеу жөніндегі қызметке қосу;

- шығармашыл педагогтарды іздеу және қолдау, сондай-ақ олардың әзірлемелерін енгізуге жәрдемдесу;

- оқушылардың география пәндері бойынша білімді меңгерудің стандартты базалық деңгейіне қол жеткізуі;

- оқушылардың зерттеу қабілетін арттыратын тапсырмаларды әзірлеу;

- ойландыру, ой салу;

- рөлдік ойындар әзірлеу;

- экспедиция сабақтарын ұйымдастыру;

- оқытудың өзгертілген мақсаттарына, регламенттелген мазмұнына және оқытудың басым технологияларына сәйкес оқу әдістемелік жиынтықтарын жаңарту;
- оқу материалының қолданбалы сипатын күшейту, оқушы экспериментінің үлесін кеңейту;
- білім беру процесін әдістемелік сүйемелдеуді әзірлеу;
- қолданыстағы оқыту құралдарының бағдарламасын жаңғырту.

Қазіргі уақытта мектептерде география оқытушылары оқу процесінде белсенді және интерактивті оқыту әдістерін қолданады, бұл оқушыларды танымдық іс-әрекет процесінде белсенді өзара әрекеттесу мен қарым-қатынасқа қосуды қамтамасыз етеді.

География үшін ең тиімді әдістер:

- бірлесіп оқыту әдісі;
- жоба (жобалау) әдісі;
- ойын әдістері;

- проблемалық семинар-пікірталас негізінде оқыту моделі: ми шабуылы, ток-шоу, пікірталас және т.б. [4].

Тәжірибе JOO High School Almaty мектебінде жасалды. Бұл мектеп 2022 жылдың қыркүйек айында ашылғанын ескерсек оқушылар әр түрлі мектептерден жиналған. Біз сабақтарда жаңа әдістерді қолданбастан бұрын ең алдымен оқушылардың өз бетінше зерттеу жұмыстарын жасай алуындағы кедергілерді анықтау үшін тәжірибе жасадық.

Анықталған кедергілер төмендегідей:

- Оқушылар материалдарды қайдан алатындығын білмейді;
- Қандай ақпаратты қалай қолданатынын;
- Не үшін жасау керекпін деген сұраққа жауап бере алмады;
- Оқушының жұмысын бағалау кезіндегі критерилерді білмейді (осыған қатысты сұрақтар көп болды).

Жоғарыдағы кедергілерді ескере отырып, оқушылар материалдарды қайдан алуға болады деген сұраққа жауап бере отырып нақты тізім жасалды (сілтемелермен жоғарыда көрсетілді). Мақалада келтірілген инновациялық әдіс тәсілдерді қыркүйек айынан бастап сабақтарда қолдандық. Бастапқы кезде туындаған жоғарыдағы кедергілердің барлығы жойылғанына көз жеткіздік. Бұл мақалада тек іріктелген, тәжірибеден өткен әдіс-тәсілдерді келтірдік.

Әрбір педагог білім алушылардың өз пәніне терең қызығушық тудырғанын, оқушылардың тек теорияны оқып конспект жазғаны емес, сонымен қатар әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін түсініп, логикалық тұрғыдан ойлана білгенін, зерттеу әдістерін қолданып зерттеу жүргізе алуын, әрбір сабақтың оқушы мен оқытушыға қуаныш сыйлайтын мереке, кішкентай көрініс болғанын қалайды. Біз осы кезге дейінгі қолданылған дәстүрлі әдістерге, мұғалім сабақ түсіндіріп, ал оқушылар тек тындап отыратындығына үйреніп қалдық. Дайын ақпаратты тыңдау - оқытудың ең тиімсіз тәсілдерінің бірі. Білімді адам басынан адам басына тек ауызша формат арқылы беру мүмкін емес. Көптеген адамдар оқушыны тек тындатуға мәжбүр етсең болды және іс бірден оң шешімін табады деп ойлайды. Алайда, оқушы кез-келген адам сияқты ерік-жігерге ие, оны елемей қоюға болмайды. Оқушылар ақпараттарды, оқып жатқан пәнге деген қызығушылық болған кезде ғана игере алады. Сондықтан мұғалім информатордың рөлін ұмытып, оқушының танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы рөлін атқаруы керек.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып отыр. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық

бағыттыры бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және интернеттің дамуы мысал бола алады.

Бірлесіп оқыту (cooperative learning), шағын топтарда оқыту педагогикада бұрыннан бері қолданылып келеді. Бір оқытушы топтағы әрбір нақты оқушыға көмек көрсете алмайды, сондықтан бұл жауапкершілікті оқушылармен бөлісуге болады. Шағын топтарда жұмыс істейді, оқушылар әрқайсысының жетістіктеріне жауап бере отырып, бір-біріне көмектесуді үйренеді. Есте сақтау процесі келесідей бағаланады: егер оқыса - 10% есте сақталады; 20% - есту арқылы; 30% – көру арқылы; 50% – көру және есту; 80% – айту арқылы; 90% – айту және жасау арқылы.

Сонымен қатар, оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялар мыналар:

- дамыта отырып оқыту әдістемесі;
- тірек-конспектілер арқылы оқыту;
- деңгейлеп оқыту технологиясы;
- тесттік жүйемен оқыту;
- мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту;
- ойын технологияларын қолдану;
- дискуссия сабақтары;
- топпен жұмыс;
- тәжірибе сабақтары;
- проблемалық оқыту әдісі.

Проблемалық оқыту әдісі. Бұл әдістің негізгі мақсаты білім алушылардың өз бетінше ізденіп, көп оқи алуын үйрету. Сонымен бірге оқушылардың белгілі бір оқиғаға пікір білдіре алуы, сараптап талдау жасауы да әдістің ерекшелігі. Оқушы белсенділігі артып, оқу материалдарын ерекше қызығушылықпен оқиды. Себебі, оқушы материалдарды сезім мүшелері арқылы қабылдап қана қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді. Проблемалық оқыту технологиясының көмегімен, яғни оқушыларды «білімге итермелемей, өз бетінше ізденуге ынталы болуына жағдай жасау».

Ұжымдық оқыту әдісі. Ұжымдық оқыту әдісінің мақсаты: әр білім алушының бойындағы даралық қабілетін дамыту, еңбек етуге баулу, ұйымшылдық қабілеттерін ояту, ынтымақтастыққа тәрбиелеу, өзін-өзі басқаруға, креативті ойлауға, аңғарымпаздыққа жетелеу.

Ерекшеліктері:

- Жекелей оқыту;
- Жұптық оқыту;
- Топтық оқыту;
- Ұжымдық.


Талаптары:

- Әр оқушының еңбегі пайдалы болуы керек;
- Өзінің ғана емес, басқаның да еңбегіне жауапкершілікпен қарау;
- Өзі оқи отырып өзгені оқыту;
- өз ойын толық жеткізіп, талдауға үйрену;
- Түсінбегенді түсіндіру, меңгергенінше меңгерту;
- оқу және жазбаша білімін жинақтауды жетілдіру;
- шығармашылықпен жұмыс істеуге талпыну.

География пәнін оқытуда ұжымдық оқыту технологиясы оқушылардың танымдық қабілетін дамытуға үлкен әсер етеді.

Ой қозғау әдісі (ми шабуылы – ағылшынның – brainstorming) – кез келген проблемалық затты шешудің оңтайлы тәсілі. Бұл әдісте сараптаманы талқылаушылар проблемалық

мәселелерді шешудің жолдарын қарастырып, шешім қабылдайды. Осы әдістің негізін қалаушы, оқытушы Алекс Осборн болды [5].



1-сурет – Ой қозғау әдісінің шарттары
(кесте авторлар тарапынан құрастырылды)

Оқушылар сабақтарында сыныпта да, одан тыс жерлерде де, кез-келген географиялық аймақта, мектеп ауласында және т.б. ұйымдастырылуы мүмкін болса, білімді жеңіл қабылдайды. География сабақтарында экскурсияларға, зерттеу жұмыстарына және жобаларға ерекше көңіл бөлінгенде бұл әдіс өнімді жұмыс жасайды. Сонымен бірге география бойынша оқулықтар, түрлі үстел және электронды ойындар, анимациялар және басқа да электронды оқулықтар шығаратын дереккөздерді қолдану кезінде де ой қозғау әдісі өзекті бола береді. Мектептер қолданыстағы материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілгендіктен, сабақтар ойындар, конкурстар түрінде өткізілуге мүмкіндік сабақты ұйымдастыру мұғалімнің шығармашылығына негізделген. Мұғалім оқушылардың оқу нәтижелері басқа оқушыларға қызықты және интерактивті болуында маңызды рөл атқарады.

Жоба әдісі. Жоба әдісі өткен ғасырдың 20-жылдарында АҚШ-та пайда болды. Ол проблема әдісі деп те аталды. Ол американдық философ және ағартушы Джон Дьюидің прагматикалық педагогика идеяларына негізделген. Дж. Дьюидің ХХ ғасырдағы білімге гуманистік көзқарас және жобалар әдісі идеялары үлкен танымалдылыққа ие болды. Оның шәкірті және ізбасары В. Килпатрик осы әдістің мәнін анықтай отырып, оны «Шын жүректен орындалған жоспар» деп атады. Жоба әдісінің негізінде "Жоба" ұғымын түсіну арқылы қажетті нәтижеге қол жеткізу идеясы жатыр. «Жобалау» сөзі қазақтың «жоба» деген сөзінен жасалынған, мағынасы – жаңа нәрсенің жобасын, сұлбасын жасау. Ғылымда ол тек қана жаңа нәрсенің жобасын жасау ғана емес, сонымен қатар оны негіздеу, басқадан айырмашылығын көрсетуді білдіреді. Бірақ нәтижені белгілі бір мәселені теориялық және практикалық шешу негізінде алуға болады. Мұндай нәтижеге қол жеткізу оқушылар әртүрлі салалардағы білімді өз бетінше ойлау, проблемаларды анықтау және шешу үшін қолдануы керек дегенді білдіреді. Оқушыларға нәтижені және оның әртүрлі салдарын көре білуге, олардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтау қабілетін дамытуға үйрету өте маңызды. Бұл әдіс белгілі бір уақытқа есептелген жеке, жұптық, топтық жұмыс түрінде оқушылардың өзіндік қызметіне негізделген [6].

Қазақстан географиясын оқыту барысында Қазақстанның су көздері тақырыбында (Қазақстан өзендерінің, көлдерінің ластану себептерін, ластану деңгейін, қалпына келтіру шаралары және болашағына болжам жасау, ұсыныстар әдірлеу), Қазақстан шаруашылығы (облыстар бойынша ауылшаруашылығының мамандану бағыттары, алынатын өнім көлемі, мал бас саны, топырақтың сапасы, мелиорациялау шаралары) осындай тақырыптарды оқытқанда қолдануға болады.

Оқушылармен бірлесе отырып жобаларды қалыптастыру, оларды жүзеге асыру, қажетті материалдарды тандау және олармен жұмысты жоспарлау үшін жобалардың түрін анықтау маңызды. Жобалар әдісі мен бірлесе оқыту әдістері көптеген елдердің білім беру жүйесінде кең таралған. Мұның бірнеше себептері бар. Ең алдымен, олар тек педагогикалық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік сипатта да анықталатынын атап өткен жөн. Олар оқушылардың

белгілі бір білімді игеруі үшін ғана емес, сонымен бірге алған білімдерін қолдану және практикалық мәселелерді шешу құралы ретінде, оқушылардың әртүрлі рөлдерде өзін-өзі көрсету және әртүрлі топтарда қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамыту тұрғысынан маңызды. Оқушыларға зерттеу, ақпаратты өңдеу, талдау, гипотезаларды тұжырымдау және тексеру, қорытындылау әдістерін үйретеді. Оқытудың ең көп қолданылатын интерактивті формаларына "жобаларды әзірлеу" жатады. Білім берудегі бұл форма оқушылардың өзіндік жұмыстарының орындалуын бақылау үшін кең көлемді көп қырлы материалдарды (бөлім немесе модуль) жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы Қазақстан халқы тақырыбын өткенде «Қарттар үйі», «Қариясы бар үй, қазыналы үй», «Қыз өссе елдің көркі», «Ауылдың ардақты қариялары», «Менің ата-әжем ең жақсы адамдар» және т.б. қазақ халқының ұлттық құндылықтарына арналған тақырыптарды беру негізгі нәтиже [7].

"Жобаларды әзірлеуді" біз дәстүрлі түрде оқу процесінің кейбір түрлерін ұйымдастыру үшін қолдана аламыз. Мысалы, эксперименттік, далалық тәжірибе сабақтардың қорытындылары бойынша есеп жүргізуді айтуға болады. «Туған жер табиғатын қорғау», «Менің ауылымның экологиясы», «Бұлақ көрсең көзін аш», «Туған жердің топырағы неге ластанды?» және т.б. тақырыптарды ұсынуға болады. Жобаларды әзірлеу формасының басты артықшылығы – барлық оқушылар таным процесіне қатысады. Оқытушы жоба бойынша оқушыларға ізденуге бағыт-бағдар беріп, қадағалап, іздену үшін әдебиеттер мен интернет-ресурстардың, сайттардың тізімін ұсынады. Тәжірибе көрсеткендей, ғылыми жоба дайындау аясында жиі «дөңгелек үстел» ұйымдастырылады, онда қойылған міндеттер мен проблемалар талқыланады, пікірталастар өткізіледі, сонымен қатар талқылау тақырыбы бойынша келісілген ұстанымдар жасалады. Дөңгелек үстел талқыланатын материалмен – оның идеясы мен проблематикасы деңгейінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Пікірталас қарама-қарсы көзқарастардың қақтығысын қамтиды. Егер талқыланатын мәселе бойынша қарама-қарсы пікірлер туындауы мүмкін болса, бұл орынды. Сонымен қатар, бір жағынан, оқиғалар мен құбылыстарды біржақты түсіндіруден аулақ болуға, екінші жағынан оқушыларға басқалардың пікірін құрметтеуге үйренуге көмектеседі.

Жобаларды әзірлеу кезінде мыналарды ескеру қажет:

1. Жоба тақырыпты және қатысушылар санын таңдаудан басталуы керек;
2. Оқушылар проблемаларды әртүрлі жолдармен анықтағанына қарамастан (ми, ұжымдық талқылау), мұғалім барлық аспектілерді талдап, таңдалған тақырып негізінде ең қолайлы нұсқаны таңдауы керек;
3. Ең бастысы – жоба бойынша жұмыс міндеттерін нақты белгілеу, жұмыс әдістерін анықтау, ақпаратты іздеу, шығармашылық шешімдерді талқылау және қабылдау;
4. Жобаға қатысушылардың жеке және бірлескен өзіндік жұмысын ұйымдастыру;
5. Жобаны оқытушының бағалауы және презентацияны ұйымдастыру.

Жоба бойынша жұмыс оны ұстаздар алдында қорғаумен, ұжымдық талқылаумен, нәтижелерді сараптаумен және жариялаумен, бағалаумен және қорытындылаумен аяқталады.

Ауызша және жазбаша түрде ұсынылуы мүмкін жобалық жұмысты орындау кезінде, менің ойымша, келесі ұсыныстарды орындау қажет:

- Біріншіден, жобалық жұмыс оқушыларға өз идеяларын білдіруге мүмкіндік беретіндіктен, оқушыларды тым анық бақылау және реттеу керек, олардың тәуелсіздігін көтермелеген жөн.

- Екіншіден, жобалау жұмыстары негізінен ашық түрде жүзеге асады, сондықтан олардың нақты жоспары болмайды. Жобалық тапсырмаларды орындау барысында кейбір қосымша материалдарды енгізуге болады.

- Үшіншіден, жобалардың көпшілігін жеке оқушылар орындай алады, бірақ егер ол топтарда орындалса, жоба мүмкіндігінше шығармашылық болады. Бұл оқу ынтымақтастығының маңыздылығы мен тиімділігін тағы бір рет көрсетеді.

Оқушылар жоба бойынша бір тақырып алып зерттеу жұмысын жүргізеді, іздену үшін төмендегі сайттар мен сілтемелерді ұсынамыз:

Қазақша мәліметтер:

- STAT.GOV.KZ <https://stat.gov.kz/>
- Google академия <https://scholar.google.ru/schhp?hl=ru>

Шетел ғалымдарының еңбектерін іздеу:

- ResearchGate <https://www.researchgate.net/>
- Quora <https://www.quora.com/>
- StackExchange <https://stackexchange.com/>
- The Science Forum <http://www.thescienceforum.com/>
- Academia.edu <https://www.academia.edu/>

Осылайша, оқу жобасының әдісі оқушының тәуелсіздігін дамытуға ықпал етеді, оның жеке басының шығармашылық әлеуетін ашады, білім беру процесінде оқушының субъективтілігін қамтамасыз етеді, бұл оқытудың соңғы нәтижесіне оң әсер етеді.

Интерактивті оқыту технологиясы. Қазіргі таңда инновациялық технологиялардың бірі – интерактивті оқыту технологиясы. Интерактивті оқыту технологиясын оқытушылар барлық пәндерді оқыту барысында қолданғанымен, толық мүмкіндіктерін өз дәрежесінде қолданбайды. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін мұғалім дұрыс қолдана білсе, онда сабақты қызығып оқымайтын оқушының өзі қызығып тапсырмаларды орындайды, бұл жерде интерактивті тақтаның көмегі арқылы жеке тапсырмасын тексерудің бірнеше жолдары бар, соның бірі – деңгейлік тапсырмалар арқылы бағалау. Интерактивті оқыту технологиясының мүмкіндіктерін пайдалану оқушының бойында қызығушылық, белсенділік, танымдық, ізденушілік, табыстылық сезімдері мен қасиеттерін қалыптастырады, бұл өз кезегінде оқушының оқу үдерісі барысында белсенділігін оятады, оқытушы да өз жетістігін көре алады.

Қазақстан географиясы пәнін интерактивті тақтаны қолданып оқыту мұғалім үшін де, оқушы үшін де нәтижелі. Мысалы: Қазақстандық географтардың зерттеулері, Қазақстанның қатпарлы аймағындағы таулар. Қазақ оронимдері. Минералды ресурстардың таралу заңдылығы. Қазақстанның елді мекендері тақырыптарын өткенде осы әдісті қолданған тиімді. Себебі бұл әдісті қолдану арқылы суреттер, сызба-нұсқалар, графиктер, аудио, бейне материалдар және т.б. көрсету мүмкіндігі болады. Интерактивті технологияны қолданудың тағы бір мүмкіндігі – уақытты үнемдеу. Оқушылар сабақ соңында өтілген тақырыптың материалдарын алып, қосымша дайындалуларына да мүмкіншілік бар.

Интерактивті оқыту технологиясын білім саласына енгізуде туындап отырған мәселе бұл – оқытушыларды осы құралдармен тиімді жұмыс істеуге үйрету. Берілген ақпараттың жаңа мүмкіндіктеріне сәйкес тұтынушы интерфейсі мен ақпараттық кеңістікті жобалау дағдыларының жеткіліксіздігіне байланысты оқу материалының электрондық нұсқасын жасауда көптеген қиындықтар туындайды.

Инновациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса көп. Қорыта айтатын болсақ, ең бастысы, Қазақстан географиясы сабағында интерактивті тақта мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқушылардың оқу үрдісіндегі жетістіктерінің сапасына оңтайлы әсер етеді [8].

Географиялық мультимедиа технологиясы – дыбыстық жазбаларды, географиялық нысандардың фотосуреттерін және әртүрлі үрдістердің анимациялық бейне жазбаларын біріктіреді. Бұл технология табиғи үрдістерді толық сипаттауға мүмкіндік береді. Компьютерлік география электронды оқулықтарды қолданып қашықтықтан оқыту

мәселелерімен айналыса отырып, географиялық білім беруде ақпараттық инновациялық әдістерді жетілдіруде.

Мультимедиалық технологиялар бұл ақпараттық ортаны едәуір кеңейтуге, оны жүйелендіруге, қажетті нақты ақпаратты таңдауға, үрдістердің, нысандар мен құбылыстардың даму динамикасын көруге, сонымен бірге бейнелік ақпараттармен қатар, олардың дыбысы мен әуенін де естуге мүмкіндік беретін заманауи, оңтайлы әрі мобильді көрнекі құрал болып табылады. Мультимедиалық құралдар ғылыми және көркем мәтіндерді, дыбыстық фрагменттерді, жоғары сапалы кескіндерді, бейнефильмдер мен теледидар бағдарламаларының эпизодтарын бір терезеде орналастыра алу мүмкіндігіне ие. География сабақтарында компьютерді, электронды карталарды, электронды оқулықтарды, ғарыштық суреттерді пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, білімдерін электрондық тест көмегімен тексеруге мүмкіндік береді, географиялық карталармен жұмыс жасаудың түрлі әдістемесін ұсыну арқылы маңызды картографиялық дағдыны қалыптастырады [9].

Біздің ойымызша, сабақты өткізудің ең қызықты интерактивті түрлері – конференция, дөңгелек үстел, жобаларды әзірлеу, презентацияларды, оқу бейнероликтерін дайындау, электрондық оқулықтармен жұмыс жасау болып табылады. Әзірленген әдістемесі бар және өзіндік жұмысты орындау мен бақылаудың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болатын оқытудың интерактивті формаларының кейбір түрлеріне тоқталайық.

Компьютерлік презентациялар. Оқу процесінде компьютерлік презентацияларды қолдану оқушылардың оқу материалын игеруін күшейтуге және сынып тақтасының орнына мультимедиалық проектордағы компьютер экранынан немесе әр оқушыға арналған дербес компьютерден слайд-фильмдерді көрсетуді қолдана отырып, сабақтарды сапалы жаңа деңгейде өткізуге мүмкіндік береді. Компьютерлік презентациялар оқушылардың назарын ұсынылған ақпараттың маңызды сәттеріне аударуға және иллюстрациялар, диаграммалар, графикалық композициялар және т.б. түрінде көрнекі әсерлі бейнелер жасауға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталғандарды ескере келе барлық әдістер, сабақтарда және сабақтан тыс уақытта қолданылатын жаңа технологиялар балаға шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді, қызығушылықтың дамуына ықпал етеді, белсенділікті арттырады, баланың оқуға деген ықыласын қалыптастырады деген қорытындыға келеміз.

Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру түрлері мен құралдары біршама көп. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады. Білім беруді цифрландыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр [10].

Қорытынды

Инновациялық әдіс-тәсілдерді Алматы қаласы Joo High School Алматы мектебінде 2 сыныпта 30 оқушыға қолдандық. Төмендегі кезеңдер бойынша тәжірибе жасалып, қорытынды нәтижесі 1-кестеде көрсетілді.

1. Ең алдымен оқушылардың даярлық деңгейін анықтадық, бұл кезеңде анықталған кедергілер жоғарыда келтірілді. Және кедергілерді жою үшін арнайы материалдар құрастырылды.

2. Бұл кезеңде, мақалада келтірілген әдістерді оқушыларға сабақ өткізу үшін қолданып, теориялық білімді тәжірибеде іске асырдық.

3. Соңғы кезеңде жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді қолданып сабақ өтілген топтардың географиялық білім деңгейлері қалай өскенін, әдістердің тиімділіктері анықталды.

Тәжірибенің қорытынды кезеңінде инновациялық технологияларды қолдана отырып жүргізілген сабақтарға қатысқан оқушылардың іс әрекетінің және іс-тәжірибенің қорытындысы талқыланды. Қорытындысында география пәні бойынша оқыту сапасын, сабақты инновациялық әдістермен байланыстыра отырып арттыруға болатыны анықталды.

1-кесте – Оқушылардың білім деңгейінің өсу деңгейі (тәжірибелік топтарда)

Географиялық білім деңгейлерінің өсуі	Нәтижелері	
	Тәжірибеге дейінгі бастапқы нәтиже	Топтың тәжірибеден кейінгі нәтижесі
Жоғары	7(23,3%)	9(30%)
Орта	9(30%)	13(43,3%)
Төмен	14(46,6%)	8(26,6%)

Нәтиже бойынша жоғары 7%-ға, орта 13,3% өскені, ал төмен нәтижелі 20%-ға азайғандығына көз жеткіздік.

География сабақтарында инновациялық әдістерді қолдану нәтижесінде оқушылардың ойлау қабілеті артып, ізденушілік қабілеті дамып, пәнге деген қызығушылығын арттырды.

Зерттеу нәтижелерін талдау, оқытудың әртүрлі әдістерін енгізу, танымдық қызығушылықты арттыратынын көрсетті, бұл өз кезегінде үлгерімді арттыруға көмектесті. Жаңа әдістерді қолданып сабақ өту оқушыларға пікір алмасып, өз ойларын еркін, толық жеткізуге де мүмкіндік берді. Тәжірибе соңында оқушылардың өз ойын ашық, қысылмай жеткізу, еркін ойлай алу қабілеті, іздену, белсенді болу, зерттеушілік қабілеттерінің артқандығы байқалды.

Осылайша, география пәнін инновациялық әдістерді қолдана отырып оқыту – оқушылардың жан жақты жетіліп, өз ойын ашық айтып, терең ойлай алып, өмірлік азық болатын білім алып, анализ жасай алу, іздену қабілеттерінің жетілуіне әкеледі деген қорытынды жасауға болады. Жалпы орта білім беру жүйесінде география пәнін оқытуда инновациялық әдістерді қолданып сабақ беру, әсіресе қазақстандық білім беру жүйесін үнемі жетілдіру және дамыту жағдайында өзекті және перспективалы бағыт болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008. – 10 б.
2. Норпулатова Х.А. Активные методы обучения, направленные на развитие самостоятельного и творческого мышления студентов // Молодой ученый. – 2012. – №1 (36). – Т. 2. – С. 112–116. [Электронды ресурс]. URL: <https://moluch.ru/archive/36/4140/> (қаралған күні: 29.09.2022).
3. Гакаев Р.А., Иразова М.А. Образовательные технологии на уроках географии в условиях современной школы // Образование и воспитание. – 2015. – №3(3). – С. 4–7. [Электронды ресурс]. URL: <https://moluch.ru/th/4/archive/9/181/> (қаралған күні: 14.10.2022).
4. Кирикова М.И. Современные методы обучения в ВУЗе. – М.: Московский Гуманитарный педагогический институт, 2014. – 86 с.
5. Добрыдин С.Н. Некоторые аспекты использования новых информационных технологий в обучении // Материалы всероссийской конференции «Наука и образование». – М., 2002. – С. 15–48.

6. Gabdrakhmanova R.G., Khuziakhmetov A.N., Yesnazarova U.A. Pedagogical conditions of socialization of senior pupils in school labor unions // *International Electronic Journal of Mathematics Education*. – 2016. – Т. 11. – №. 1. – С. 113–121.
7. Привалова Н.М., Двадненко М.В., Бурлака С.Д. Игровые интерактивные методы обучения в высшей школе // *Современные проблемы науки и образования*. – 2018. – №4. [Электронды ресурс]. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=27951> (қаралған күні: 29.10.2022).
8. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Жоғары мектептің оқу үрдісінде педагогикалық технологияларды қолдану: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 126 б.
9. Есназарова Ұ.Ә. Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясын оқыту. – Алматы: Рауан, 1994. – 114 б.
10. Bondarenko O., Mantulenko S., Pikilnyak A. Google Classroom as a tool of support of blended learning for geography students // *arXiv preprint arXiv:1902.00775*. – 2019. [Электронды ресурс]. URL: https://www.researchgate.net/publication/330871260_Google_Classroom_as_a_Tool_of_Support_of_Blended_Learning_for_Geography_Students 2019 (қаралған күні: 14.11.2022)

REFERENCES

1. Koshimbetova S. Innovaciialyq tehnologiiany bilim sapasyn koterude paidalanu mumkindikteri [Possibilities of using innovative technologies to improve the quality of Education]. – Алматы: Bilim, 2008. – 10 б.
2. Norpulatova H.A. Aktivnye metody obucheniia, napravlennye na razvitie samostoyatelno go i tvorcheskogo myshleniia studentov [Active teaching methods aimed at the development of independent and creative thinking of students] // *Molodoi uchenyi*– 2012. – №1(36). – Т. 2. – С. 112–116. [Electronic resource]. URL: <https://moluch.ru/archive/36/4140/> (qaralghan kuni: 29.09.2022).
3. Gakaev R.A., Irazova M.A. Obrazovatelnye tehnologii na urokah geografii v usloviyah sovremennoi shkoly [Educational technologies in geography lessons in modern school conditions] // *Obrazovanie i vospitanie*.. – 2015. – №3(3). – S. 4–7. [Electronic resource]. URL: <https://moluch.ru/th/4/archive/9/181/> (qaralghan kuni: 14.10.2022).
4. Kirikova M.I. Sovremennye metody obucheniya v VUZe [Modern methods of teaching at the University]. – М.: Moskovskiy Gumanitarnyi pedagogicheskiy institute, 2014. – 86 s.
5. Dobrydin S.N. Nekotorye aspekty ispolzovaniia novyh informacionnyh tehnologiy v obuchenii [Some aspects of the use of new information technologies in teaching] // *Materialy vserossiyskoi konferencii «Nauka i obrazovanie»*. – М., 2002. – S. 15–48.
6. Gabdrakhmanova R.G., Khuziakhmetov A.N., Yesnazarova U.A. Pedagogical conditions of socialization of senior pupils in school labor unions // *International Electronic Journal of Mathematics Education*. – 2016. – Т. 11. – №1. – P. 113–121.
7. Privalova N.M., Dvadnenko M.V., Burlaka S.D. Igrovye interaktivnye metody obucheniia v vysshei shkole [Game interactive teaching methods in Higher School] // *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniia*. – 2018. – №4. [Electronic resource]. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=27951> (qaralghan kuni: 29.10.2022).
8. Alkojaeva N.S., Toleshova U.B. Jogary mekteptin oqu urdisinde pedagogikalyq tehnologiyalardy qoldanu [The use of pedagogical technologies in the educational process of Higher School]: oqu quraly. – Алматы: Qazaq universiteti, 2009. – 126 б.
9. Esnazarova U.A. Qazaqstannyn fizikalyq jane ekonomikalyq geografiyasyn oqytu [Teaching physical and economic geography of Kazakhstan]. – Алматы: Rauan, 1994. – 114 б.
10. Bondarenko O., Mantulenko S., Pikilnyak A. Google Classroom as a tool of support of blended learning for geography students // *arXiv preprint arXiv:1902.00775*. – 2019. [Electronic resource]. URL: https://www.researchgate.net/publication/330871260_Google_Classroom_as_a_Tool_of_Support_of_Blended_Learning_for_Geography_Students 2019 (qaralghan kuni: 14.11.2022)